

Сынып сағатының тақырыбы: Мектебім – мейірім мекені

Мақсаты: Балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;
- өзара сыйластық қарым — қатынастарын дамыту;
- мейірбандылыққа тәрбиелеу.

Мейірімділік — адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс — тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат — шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды қасиеттің бірі болып саналады. Адамдардың бір — біріне деген мейірімділігі — әдептілік белгісі.



Сынып сағатының тақырыбы: «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық қасиет»

Мақсаты: Оқушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі ролін талқылау. Оқушыларға жалпы құндылықтар туралы ақпарат беру.

Міндеті:

Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейтіп, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік бере отырып, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту.

Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой азаттығымыздың алдаспаны. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді. Білім - асыл қазына. Білім инемен құдық қазғандай. Адам қаншалықты білімді болса, соншалықты бай-қуатты болады. Білім адам бойына біткен ең мықты қару. Адамзаттың жетер ең биік шыңы білімді толық меңгерген күні. Білім ұрпақтан ұрпаққа берілетін шежіре, тарих, өнеге, тәрбие!

Отаншылдық - келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасын, туған өлкесін, отанын сүюге, ар-намысын қорғауға, және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Оның басты қағидасы Отанға, өзінің халқына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Күнделікті тіршілікте ол азаматтардың өндірістегі, ғылымдағы, өнердегі, спорттағы, жасампаз еңбегінен көрінеді.



Сынып сағатының тақырыбы: Қауіпсіздік ережелері

Мақсаты: Оқушыларды қауіпсіздік ережесімен таныстырып, оны сақтай білуге тәрбиелеу. Оқушылардың өмір сүру ортасын залалды әсерлерден қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және оны іске асыру. Оқушыларға «біз табиғаттың кішкене ғана бөлшегі» екенімізді айту, төтенше жағдайлар бола қалған жағдайларда өздеріне төнген қауіптен қалай құтылу керек және қандай шаралар қолдану керек екенін түсіндіру және

үнемі есте сақтау керектігін жеткізу. Өзін - өзі қорғай алатын, күнделікті тыныс - тіршіліктен хабардар, сезімтал, жан - жақты тұлға тәрбиелеу.




Сынып сағатының тақырыбы: Интернеттегі қауіпсіздік

Мақсаты: оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру:

Әлеуметтік желі деген не?

Әлеуметтік желі – бұл тек адамдарды бір-бірімен байланыстыратын вебсайт ғана емес, сонымен қатар өз айналасындағы адамдардың тағыда кімдермен байланыс таныс екенін білудің, сондай-ақ, сол арқылы өз таныс-білістіңді арттырудың жолы. Демек, әлеуметтік – халық, адамдар, топ болса, желі – байланыс, қарым-қатынас. Енді осы жерде «желі» сөзі – интернеттегі сайт болса, «әлеумет» – бұл сол сайттың тұтынушылары, яғни сіз бен біз.



Сынып сағатының тақырыбы: Діни экстремизмнің алдын алу

Мақсаты: Діни-саяси экстремизм - діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда - терроризм (лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Міне осындай қауіпті жағдайға

айналған әрекеттерді оқушылардың іске асырып жаман әдеттерге елігіп кетуіне қарсы тұруды үйрету.



Сынып сағатының тақырыбы: Кітап – білім бұлағы

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу

Мұғалім:

Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кітап елді сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында қолданады. Одан ақыл – кеңес, тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге алады. Кітап – біздің рухани жан азығымыз.

«Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім» деп тегін айтылмаған ғой. «Өнерлі болуға тәрбиелеп, талай ғажайып істердің құпиясын ашуға көмектесетін ақылдың кені кітапқа арналады. Кітап – ғылым, ол бүкіл адам баласына ортақ. Кітап – ғылым, білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап – ақылдың кені.

Кітапта алма ағашы,
Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы

Кітабыңның әр бетін,-деп Музафар Әлімбаев атамыз жырлағандай әдеби кітаптар мен оқулықтар – сендерге білім көзі, рухани қазына. Дана халқымыз «Батыр бірді жығады, білім мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек.



Сынып сағатының тақырыбы: Ұстазым менің ұстазым!

Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге сыйлауға үйрету. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу. Мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты нығайту. Ұлағатты ұстаздарға құрмет көрсете білуге, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Ұстаздар-ұлттың тірегі
 Ұстаздар-мектеп жүрегі
 Ұрпаққа жетер ұстазбен
 Халықтың ұлы тірегі



Сынып сағатының тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Мақсаты: Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.



Сынып сағатының тақырыбы: «Менің Отаным-Қазақстан»

Мақсаты:Туған жерін,Отанын сүюге,егеменді еліміздің рәміздерін құрметтеуге,туған еліміздің өткен тарихын ұмытпай,еске алып отыруға,елімізді бабаларымыз сияқты қорғай білуге,ата-бабадан дәстүр боп келе жатқан өнеге-салтымызды,ана тілімізді сүйіп,оны сақтай білуге тәрбиелеу.



Сынып сағатының тақырыбы: «Отбасым – бақыт мекенім»

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

Отбасы — адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді.

Отбасының екі тірегі — әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу — біздің борышымыз. Ата — ана — отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана — отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы.

